**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 29 мамырдағы N 812 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 30 қазан N 1376. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.04.04. 266 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстанның көрнекті әдебиет және өнер қайраткерлеріне Мемлекеттік стипендия тағайындау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 29 мамырдағы N 812 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 24, 288-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулыға қосымшада:

Қазақстанның көрнекті әдебиет және өнер қайраткерлеріне Мемлекеттік стипендиялар беру жөніндегі комиссияның құрамына мыналар енгізілсін:

Құл-Мұхаммед Мұхтар Абрарұлы - Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрі, төраға

Тілеухан Бекболат Қанайұлы - Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі Мәдениет комитетінің төрағасы

Жоламан Рүстем Қабидоллаұлы - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі Әлеуметтік-мәдени даму бөлімінің меңгерушісі

көрсетілген құрамнан Алтынбек Сәрсенбайұлы Сәрсенбаев, Дүйсен Қорабайұлы Қасейінов, Сәуле Байболқызы Соппекова шығарылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК